

***ЛИТЕРЛІК ШАМАЛАРМЕН ЖҰМЫС  
ЖАСАУ АЛГОРИТМІ***

## *2. ЛИТЕРЛІК ШАМАЛАРМЕН ЖҰМЫС*

*Мәндері мәтін болып табылатын шамалар литерлік шамалар деп аталады.*

*Литерлік шамалармен жалғастыру, мәтіннің ұзындығын анықтау, қиып алу операциялары орындалады.*

**Var a:string;**

*Программаның бұл үзіндісінде:*

*a жолдық типті айнымалы шама*

# Жалғастыру(жапсыру) операциясы

Жолдарды жапсыру үшін бізге «+» таңбасымен белгіленеді және екі мәтінді біріктіреді.


**writeln(a+b);** немесе **c:=a+b;**

Мысал: **‘бала’** және **‘пан’** сөздерін жалғастыру программасын қарастырайық.

```
Program _1;  
var a, b: string;  
begin  
  a:='бала';  
  b:='пан';  
  writeln(a+b);  
end.
```

Жауабы: сөз

«**балапан**»



# Жолдың ұзындығын анықтау

## Length (a)


Мәтіннің ұзындығы ондағы символдар санымен анықталады. Ол мына команда арқылы анықталады  
**writeln(length(a));**

Мысал: **“Информатика”** сөзінің ұзындығын табу программасын құр

```
Program _2;  
  var a: string;  
  
begin  
  a:='информатика';  
  writeln(length(a));  
  
end.
```

Жауабы:

11



# Сөз тіркестерін қиып алу операциясы

## Сору (a, n, k);



Бұл операцияның көмегімен мәтіннен үзінді қиып алуға болады, яғни a жолындағы n позициясынан (орнынан) бастап k дана символды қиып алады.

Мысал: «программа» сөзінен «грамм» сөзін қиып ал.

```
Program _3;  
var a: string;  
  
begin  
    a:='программа';  
    writeln(сору(a,4,5));  
end.
```

Жауабы

«Грамм»



# Сөз тіркестерін жою процедурасы

## Delete (a, n, k)


**a** жолындағы **n** позициясынан бастап **k** символдарды жояды.

Мысал: “Қазақстан” сөзінен “стан” сөзін жою программасын құр

```
Program _4;  
var a: string;  
begin  
  a:='қазақстан';  
  delete(a,6,4);  
  writeln(a);  
end.
```

Жауабы:

«ҚАЗАҚ»



# Сөз тіркестерін кірістіру процедурасы

## Insert (a1, a2, n)

**a1** сөз тіркесін **a2** тіркесінің **n**-ші нөмірінен (позициясынан) бастап кірістіру.


Мысал: Мына сөздерді ретімен орналастыр.

**‘-алтын’, ‘кітап қазына’**

```
Program _5;  
var a: string;  
begin  
  a1:=' -алтын';  
  a2:=' кітап қазына'  
  insert(a1,a2,6);  
  writeln(a2);  
end.
```

Жауабы:

**“кітап-алтын қазына”**



INSERT

copy

*Үйге тапсырма:  
1.14 тақырып 82 бет  
есеп: 11,12*

string

length

delete

